

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгiнi мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелiк конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткiзiлген күнi	7 сәуiр 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	048
Жинақтағы беттерi	219-224
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 316.422
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсiптерi-экономикалық өсу мен дамудың драйверлерi // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Нармағамбетова Б.
Мәртебесi	Студент
Ғылыми жетекшi	Ғылыми жетекшiсi: э.ғ.к. Жакупова Б.А.
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

6. Азаренок М. Активируй свой личный бренд. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2021. – 192 с.
 7. Aaker D. Building Strong Brands. – New York: Free Press, 1996. – 400 p.
 8. Montoya P., Vandehey T. The Brand Called You. – New York: McGraw-Hill, 2002. – 240 p.
 9. Kapferer J.-N. The New Strategic Brand Management. – London: Kogan Page, 2012. – 512 p.
 10. Оскар Гарсиа: «Казахстанцы боятся продвигать себя» // Inbusiness.kz. – 2023. – URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/garcia-interview> (дата обращения: 10.04.2025).
 11. NapoleonCat. Казахстан – Статистика Instagram в 2023 году. – URL: <https://napoleoncat.com/stats/instagram-users-in-kazakhstan/2023> (дата обращения: 05.04.2025).
 12. Аналитический отчет SMM.kz: Цифровое поведение казахстанцев в Instagram. – Алматы, 2023. – 45 с.
 13. Offbeat Jewelry. История бренда. – URL: <https://offbeat.kz/about> (дата обращения: 09.04.2025).
 14. Booz Allen Hamilton. The New Brand Architecture. – New York: Strategy&, 2002. – 64 p.
- Рейс Э., Траут Д. Маркетинговые войны. – М.: Питер, 2014. – 304 с.

ӘОЖ 316.422

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

Нармағамбетова Б.

botagoz.n.n@icloud.com

«Қаржы» ББ 2 курс білім алушысы,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к. Жакупова Б.А.

Қазіргі жаһандану дәуірінде инновациялардың экономикадағы ролі айрықша маңызға ие. Инновациялық даму кез келген мемлекеттің тұрақты экономикалық өсімінің басты қозғаушы күші болып табылады. Қазақстанда инновациялардың дамуы Кеңес Одағы кезеңінен бастау алып, қазіргі заманға дейін дамып жатыр. Кеңес дәуірінде ғылыми-зерттеу институттары мен өндірістік кәсіпорындар дамып, металлургия, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларында ғылыми жаңалықтар енгізілді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан нарықтық экономикаға көшіп, инновацияларға қажы бөлінуі төмендеді. 2003 жылы “Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы” қабылданып, мемлекеттік қолдау күшейтілді. 2010 жылдан бастап «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында ІТ технологиялар және «жасыл» энергетика дамып, инновациялық экожүйе қалыптасты. Қазақстан экономикасына инновациялардың дамуы аса маңызды, себебі елдің технологиялық дамуы халықаралық үрдістермен тығыз байланысты. Дамыған елдердегі цифрландыру, жасанды интеллект, биотехнология, «жасыл» энергетика сияқты инновациялық бағыттар Қазақстан үшін үлгі және ұлттық саясатқа әсер етеді. Қазақстан жаһандық инновациялық үрдістерге интеграциялану мақсатында халықаралық ұйымдармен және технологиялық көшбасшы елдермен әріптестік орнатуда. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы аясында инновациялық ынтымастықты дамытуда, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығы (AIFC) мен «Astana Hub» ІТ-стартаптар технопаркі арқылы шетелдік инвесторлар мен технологиялық компанияларды тартуға бағытталған.

Сонымен қатар, Қазақстан әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, білім беру мен ғылымды дамытуға инвестиция салып жатыр. Назарбаев Университеті, «Болашақ» бағдарламасы және шетелдік ғылыми орталықтармен бірлескен жобалар елдің инновациялық әлеуетін арттыруға бағытталған. Қазақстан жаһандық инновациялық трендтерге бейімделу арқылы цифрлық экономика, жоғары технологиялық өндіріс және тұрақты даму салаларында өз орнын нығайтып келеді.

Қазіргі кезде инновациялар экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырылды. Қазақстан экономикасында инновациялардың рөлі жылдан жылға артып келеді. Себебі, жаһандану жағдайында елдің тұрақты дамуы және экономикалық қауіпсіздігі инновациялық жаңалықтарды енгізуге тікелей байланысты болып табылады. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму стратегиялары, цифрландыру үдерісі және ғылыми-технологиялық прогресті қолдау шаралары ұлттық экономиканы әртараптандыруға және шикізатқа тәуелділікті азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан жаһандық инновациялық трендтерге бейімделіп, стартап экожүйесін, цифрлық технологияларды және «жасыл» экономиканы дамытуға ерекше назар аударуда.


Қазақстанның экономикалық дамуы тікелей инновациялық технологиялардың енгізілуімен байланысты. Елдің шикізаттық экономикадан инновациялық экономикаға көшуі оның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. Инновациялар өндіріс тиімділігін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, ғылым мен технологияның дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді. Қазақстан 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында ғылым мен техниканың озық жетістіктерін экономикалық өсімнің маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Инновациялық экономиканы құрудың негізі ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТҚЖ) нәтижелерін өндірісте қолданумен тығыз байланысты. Қазақстанда инновациялық инфрақұрылымды дамыту үшін мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып келеді. Алайда инновациялық үдерістің қарқыны жеткілікті деңгейде емес, себебі ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың әлсіздігі, қаржыландырудың шектеулігі және кәсіпорындардың технологиялық жаңару деңгейінің төмендігі бұл процесті тежейді. Қазақстан экономикасы дәстүрлі түрде мұнай, газ, металлургия және ауыл шаруашылығы салаларына негізделгендіктен, оның құрылымы ұзақ уақыт бойы шикізаттық модель аясында дамыды. Табиғи ресурстардың молдығы елдің экономикалық өсімін қамтамасыз еткенмен, жаһандық нарықтағы шикізат бағасының тұрақсыздығы бұл тәуелділікті әлсіздікке айналдырады. Әлемдік нарықта мұнай мен газ бағасының күрт төмендеуі бюджет кірістерінің қысқаруына, инвестициялардың азаюына және экономикалық тұрақсыздықтың күшеюіне алып келеді. Мұндай жағдай экономиканың ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан Қазақстан үшін шикізатқа негізделген дәстүрлі модельден инновациялық және әртараптандырылған экономикаға көшу – стратегиялық тұрғыдан маңызды қадам. Экономиканы әртараптандыру дегеніміз – экономикалық өсімді тек қана шикізат экспортына емес, өңдеуші өнеркәсіп, технологиялық сектор, білім мен ғылымға негіздеу. Инновациялық даму осы процестің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Инновациялар өнеркәсіп өндірісінің өнімділігін арттыруға, жаңа технологияларды енгізу арқылы өнімнің сапасын жақсартуға, шығындарды азайтуға және қосымша құнды өнімдер шығаруға мүмкіндік береді. Егер елдің экономикасы ғылыми жаңалықтарға, жоғары технологияларға, автоматтандыру мен цифрландыруға негізделсе, онда ол жаһандық нарықтағы өзгерістерге тәуелділікті азайтып, тұрақты әрі ұзақ мерзімді дамуға қол жеткізе алады.

Инновациялық даму елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін күшейтудің басты шарттарының бірі. Бүгінгі таңда әлемдік экономикада ғылыми зерттеулер мен технологиялық прогресс шешуші рөл атқарады. Дамыған елдерде ғылыми-технологиялық жетістіктердің экономикалық өсімге қосатын үлесі артып келеді. Қазақстан да осы трендке ілесуі қажет, себебі инновацияларды белсенді енгізу экономикалық дамуды жаңа сапалы деңгейге көтереді. Мемлекет бұл бағытта бірқатар қадамдар жасап келеді, оның ішінде инновациялық инфрақұрылымды дамыту, цифрлық технологияларды енгізу, индустрия 4.0 элементтерін

қолдау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру бар. Алайда бұл процестердің қарқыны дамыған елдермен салыстырғанда әлі де төмен. Қазақстандағы инновациялық белсенділіктің төмен болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) бөлінетін қаржының аздығы.

Төмендегі суретте 2024 жылғы мәліметтер бойынша, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдеріндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсалатын шығындардың жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) пайыздық қатынасын көрсететін көрсеткіш. Қазақстан – ҒЗТКЖ-ға ЖІӨ-нің 0,13%-ын бөледі. Бұл өте төмен көрсеткіш, әсіресе инновациялық экономиканы дамыту үшін жеткіліксіз; Қырғызстан – ҒЗТКЖ-ға 0,09% бөліп отыр. Бұл Қазақстаннан да төмен және елдің ғылыми-зерттеу әлеуетін шектейтін факторлардың бірі; Өзбекстан – 0,16% көрсеткішімен бұл үш елдің ішінде ең жоғары деңгейде қаржыландырып отыр. Дегенмен, бұл да әлемдік орташа көрсеткіштен әлдеқайда төмен. Орталық Азия елдері ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру бойынша әлемдік деңгейден айтарлықтай артта қалып отыр. Бұл инновациялық даму, технологиялық жетістіктер және ғылыми зерттеулердің коммерциялануы үшін үлкен кедергі болуы мүмкін. Бұл көрсеткіштерді арттыру үшін үкіметтік қолдау, инвестицияларды тарту және ғылым мен бизнестің байланысын күшейту қажет. Бұл елдегі ғылымның жеткілікті түрде дамымағанын және оның экономикалық сектормен әлсіз байланыста екенін көрсетеді. Екіншіден, көптеген кәсіпорындар инновацияларды енгізуге құлықсыз, себебі жаңа технологиялар мен ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру ұзақ мерзімді инвестицияларды қажет етеді. Үшіншіден, білім беру мен кадрлық даярлау жүйесі әлі де жеткілікті деңгейде инновациялық экономикаға бағытталмаған, нәтижесінде білікті мамандар тапшылығы сезіледі.

Осы факторлар Қазақстанның инновациялық даму қарқынын тежейді және экономиканы әртараптандыру үдерісін бәсеңдетеді. Бұл жағдайды өзгерту үшін мемлекет ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайтуы, кәсіпорындардың технологиялық жаңаруы үшін ынталандыру механизмдерін енгізуі, инновациялық экожүйені қалыптастыруға басымдық беруі қажет. Сондай-ақ, университеттер мен өндірістік сектор арасындағы өзара байланысты нығайту, стартаптарға қолдау көрсету, халықаралық тәжірибені белсенді түрде игеру де маңызды. Егер бұл шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылса, Қазақстан экономикасы шикізаттық тәуелділіктен арылып, тұрақты әрі бәсекеге қабілетті инновациялық модельге көше алады.



Сурет 1 - Елдердегі ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бөлінген қаржы үлесі, пайызбен (2024ж).

Қазақстанда инновациялық саясатты іске асыруда мемлекеттік бағдарламалардың маңызы зор. Елдің ұзақ мерзімді экономикалық даму стратегиясы ғылыми-технологиялық прогресті қолдауға және инновациялық әлеуетті күшейтуге бағытталған. Бұл саясаттың басты мақсаты – Қазақстанды бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялы экономикасы бар мемлекетке айналдыру. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет бірқатар стратегиялық бағдарламаларды жүзеге асырып келеді, олардың ішінде «Цифрлық Қазақстан», «Индустрия 4.0» және «Жаңа индустрияландыру» сияқты бастамалар ерекше орын алады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы елдің экономикасын цифрлық трансформациялау және инновациялық шешімдерді енгізу арқылы оның тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл бағдарлама цифрлық инфрақұрылымды дамытуды, мемлекеттік басқаруды автоматтандыруды, электрондық қызметтерді кеңейтуді және цифрлық технологияларды өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қолдануды көздейді. Осы арқылы Қазақстан әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті цифрлық экономика құруға ұмтылуда. Бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі – IT саласын дамыту, стартап экожүйесін құру және жасанды интеллект, үлкен деректер (Big Data), бұлттық технологиялар сияқты жаңа шешімдерді енгізу. Бұл бағыттар елдің экономикалық өсімін жеделдетіп, оның әлемдік технологиялық трендтерге бейімделуіне ықпал етеді.

«Индустрия 4.0» бағдарламасы Қазақстандағы өндірістік секторды технологиялық жаңғыртуға бағытталған. Бағдарлама аясында өнеркәсіптік кәсіпорындарда автоматтандырылған жүйелер, робототехника, жасанды интеллект және интернет заттар (IoT) технологиялары енгізілуде. Өндірістік процестерді цифрландыру еңбек өнімділігін арттырып, өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бағдарлама аясында кәсіпорындардың технологиялық жабдықталу деңгейін көтеру, жаңа өндірістік желілерді іске қосу және өнеркәсіптің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. «Жаңа индустрияландыру» бағдарламасы Қазақстан экономикасын әртараптандыру және өңдеуші өнеркәсіптің үлесін арттыру мақсатында іске асырылып келеді. Бағдарлама аясында жаңа зауыттар мен өндірістік кешендер салу, ғылыми-зерттеу институттарын қолдау, технологиялық кәсіпкерлікті дамыту шаралары жүзеге асырылуда. Мемлекет жаңа өндірістік қуаттарды құруға инвестиция тарту, отандық өнімдерді экспортқа шығару және халықаралық нарықтарда қазақстандық брендтердің танымалдығын арттыру бағытында жұмыс істеп жатыр. Бұл мемлекеттік бағдарламалар инновациялық инфрақұрылымды дамытуға да ықпал етуде. Қазақстанда технопарктер, инновациялық кластерлер мен ғылыми-зерттеу орталықтары құрылып, олар стартаптарды қолдау, ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыру және өндірістік секторға жаңа технологияларды енгізу міндеттерін атқаруда. Назарбаев Университеті, «Астана Хаб» инновациялық орталығы, «Инновациялық технологиялар паркі» сияқты нысандар елдегі инновациялық экожүйенің дамуына серпін беруде. Осы бағдарламалардың жүзеге асырылуы Қазақстанның экономикалық дамуындағы инновациялық саясаттың басымдыққа айналғанын көрсетеді. Алайда бұл процестің табысты болуы үшін қаржыландыруды арттыру, ғылым мен бизнес арасындағы өзара байланысты күшейту, жоғары технологиялық салаларға инвестиция тарту және кадрлық әлеуетті дамыту маңызды. Қазақстан инновациялық дамуға бет бұрғанымен, оның толыққанды жүзеге асуы ұзақ мерзімді кешенді реформаларды қажет етеді. Егер осы бағдарламалар тиімді іске асырылса, елдің экономикалық құрылымы жаңарып, Қазақстан жаһандық инновациялық экономикаға табысты интеграциялана алады.

Төменде Индустрия 4.0-нің жаһандық нарығы бойынша негізі көрсеткіштер кестеде ұсынылған.

Кесте 1 - 4.0 Индустрияның жаһандық нарықтағы көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Мәлімет
1.	2023 жылғы нарық көлемі	94,42 млрд доллар
2.	2028 жылға болжамды нарық көлемі	241,58 млрд доллар
3.	2023-2028 жылдардығы жылдық өсім	20,67%
4.	2024-2032 жылдардағы жылдық өсім	20%

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2023 жылы Индустрия 4.0 нарығының көлемі \$94,42 млрд (Mordor Intelligence дерегі бойынша) және \$114,3 млрд (Global Market Insights дерегі бойынша) деп бағаланған. Бұл көрсеткіш цифрлық технологиялардың, автоматтандырудың және жасанды интеллекттің өнеркәсіптік өндіріс саласында кең таралуымен байланысты. Алдағы жылдары бұл нарық қарқынды өседі деп күтілуде. 2028 жылға қарай нарық көлемі \$241,58 млрд жетеді деген болжам бар. Яғни, жылдық орташа өсім қарқыны (CAGR) 20%-дан асады. Мұндай өсім қарқыны әлемде Индустрия 4.0 шешімдеріне деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді.

Негізгі өсім факторлары: Автоматтандырудың дамуы – кәсіпорындар өндіріс тиімділігін арттыру үшін интеллектуалды роботтарды, жасанды интеллектті және IoT құрылғыларын кеңінен енгізуде; Цифрлық технологиялардың арзандауы – бұл шағын және орта кәсіпорындардың да Индустрия 4.0 құралдарын пайдалануына мүмкіндік береді; Үлкен деректер мен жасанды интеллект – өндірістік процестерді оңтайландырып, шығындарды азайтады; 5G және жоғары жылдамдықтағы интернет – құрылғылар арасындағы деректер алмасуын жеделдетіп, өндірістің икемділігін арттырады.

«Астана Хаб» инновациялық технопаркi – Қазақстандағы стартаптарды дамытуға арналған ең ірі платформа болып табылады. Бұл орталық технологиялық кәсіпкерлікке жағдай жасау, стартаптарға қаржылық және консультативтік қолдау көрсету, сондай-ақ, IT-индустрияны дамыту мақсатында жұмыс істейді. Мұнда жас кәсіпкерлерге инновациялық жобаларын дамытуға мүмкіндік беретін акселерациялық бағдарламалар мен венчурлік қаржыландыру құралдары ұсынылады. Сонымен қатар, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық экожүйемен байланыс орнатуға бағытталған, бұл қазақстандық стартаптардың шетелдік нарыққа шығуына мүмкіндік береді.

Төменде Astana Hub технопаркінің негізгі көрсеткіштері бойынша кесте берілген.

Кесте 2 - Astana Hub технопаркінің негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Мәлімет
1.	Тіркелген IT-компаниялар	1 571 (430-дан астамы шетелдік)
2.	Тартылған инвестициялар	665,5 млн доллар
3.	IT-қызметтер экспорты	481,5 млн доллар (2024ж.)
4.	Жалпы кіріс	1,3 млрд доллар (2024ж.)
5.	Құрылған жұмыс орындары	28 000+
6.	Акселерация бағдарламалары	49 стартап халықаралық нарыққа шықты (2024ж.)
7.	Өңірлік IT-хабтар	18 облыстық орталық (2024ж.)

Кесте бойынша Astana Hub-та 1 571 IT-компания тіркелген, оның 430-дан астамы шетелдік. Бұл Қазақстанның стартап экожүйесі үшін маңызды жетістік. Шетелдік қатысушылардың жоғары үлесі технопарктің халықаралық деңгейде тартымды екенін және оның қолайлы жағдайлар ұсынатынын көрсетеді.

Инвестиция көлемі және қаржыландыру. Astana Hub стартаптары \$665,5 млн инвестиция тартқан. Бұл көрсеткіш Қазақстандағы IT-индустрияның дамуына айтарлықтай ықпал етуде. Мұндай инвестициялардың артуы: Стартаптардың сапасының жоғарылауын, Инвесторлардың сенімінің артуын, Мемлекеттік және жеке қаржыландырудың тиімділігін көрсетеді.

Экспорттық әлеует. Astana Hub IT-қызметтер экспорты \$481,5 млн-ға жетті (2024 ж.). Бұл көрсеткіш Қазақстанның IT-компанияларының халықаралық нарыққа белсенді түрде шығатынын көрсетеді. Қазақстан IT экспорты үшін тартымды платформаға айналуға, өйткені жергілікті стартаптар әлемдік нарыққа бағдарланған жобаларды дамытып жатыр. Жұмыс орындары және адами капитал. Astana Hub 28 000-нан астам жұмыс орнын қамтамасыз етті. Бұл стартап экожүйесінің тек қаржылық тұрғыда емес, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да

маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан үкіметі инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөліп, бұл салаға жан-жақты қолдау көрсетуде. Мемлекет ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды күшейтіп, стартаптарға инвестиция тарту үшін жеңілдетілген несие, гранттық бағдарламалар және салықтық жеңілдіктер ұсынып отыр. Сонымен қатар, өндірістік кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу жобаларына белсенді қатысуын ынталандыру мақсатында түрлі бағдарламалар қабылдануда. Алайда инновациялық саясатты тиімді іске асыру үшін мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылын одан әрі нығайту қажет. Қазақстандағы венчурлік қаржыландыру жүйесі әлі толық қалыптаспаған, бұл инновациялық жобалардың дамуын тежейтін факторлардың бірі. Ғылыми зерттеулердің коммерциялану деңгейі де жеткілікті дәрежеде емес, себебі ғылыми әзірлемелер мен өндірістік сектор арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған жүйелі шаралар қажет. Мемлекет тарапынан ғылым мен бизнестің кооперациясын арттыру, инновациялық жобалардың инвестициялық тартымдылығын күшейту және жаңа технологияларды өндіріске енгізу үдерісін жеделдету бойынша кешенді реформалар жүргізілуі тиіс. Егер бұл шаралар іске асырылса, Қазақстан инновациялық экономика қалыптастыруда жаңа деңгейге шығып, халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады.

Қазақстанның инновациялық дамуында маңызды кедергілер бар, оның ішінде ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың әлсіздігі, ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаржының аздығы және кәсіпорындардың технологиялық жаңару деңгейінің төмендігі. Дегенмен, мемлекет «Цифрлық Қазақстан», «Индустрия 4.0», және «Жаңа индустрияландыру» сияқты бағдарламалар арқылы инновациялық инфрақұрылымды дамытуда. «Астана Хаб» технопаркі мен басқа да стартап экожүйелері қазақстандық инновациялық жобаларды халықаралық нарыққа шығару мүмкіндіктерін ұсынады. Қазақстанның инновациялық даму жолында маңызды стратегиялық қадамдар жасалып, әртараптандырылған экономика құруға бағытталған реформалар жүзеге асырылып келеді. Егер бұл бағыттар тиімді іске асса, Қазақстан ұзақ мерзімді тұрақты даму мен жаһандық инновациялық экономикаға интеграциялану жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізе алады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1.Әубәкіров, Я. Ә., Нәрібаев, К. Н. Экономикалық теория негіздері. – Алматы: Санат, 1998. - 480 бет.
- 2.О. Сәбден., Инновациялық экономика — Алматы: «Б. о. ж.». 2011. — 220 бет.
- 3.Назарбаев, Н. Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012.
- 4.ҚР Үкіметі. “Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.
- 5.ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. “Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2025 жылға дейінгі стратегиясы”. – Нұр-Сұлтан, 2020.
- 6.Досқалиев, Б. Инновациялық экономика: теория және практика. – Алматы: Білім, 2019.
- 7.Porter, M. E. The Competitive Advantage of Nations. – New York: Free Press, 1990. 875p.
- 8.OECD. Innovation Strategy 2021: Building Resilient and Sustainable Societies. – Paris: OECD Publishing, 2021. 86p.
- 9.Freeman, C. The Economics of Industrial Innovation. – Cambridge: MIT Press, 1982. 480p.